

## НҰРЛЫ ЖОЛ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Кеше әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңес отырысында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы талқыланды. Онда оқытушы профессорлар құрамы Жалпыұлттық Мәңгілік Ел идеясының елді біріктіруші күшін атап өтіп, Жолдауды жүзеге асырудағы университет міндеттемелерін айқындады.



### В свете Послания

В Высшей школе экономики и бизнеса прошел круглый стол, посвященный обсуждению Послания Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее».

В своем выступлении декан ВШЭиБ Б.Ж. Ермакбаева отметила значимость ежегодных Посланий Президента народу Казахстана для всего научного сообщества страны, важность донесения их целей до студентов и обозначения их роли в решении задач, поставленных Главой государства.

На мероприятии с отзывами на Послание выступили заведующие кафедрами, профессора, преподаватели, докторанты и магистранты. Профессор кафедры «Учет и аудит» С. Сатубалдин в своем докладе «Нұрлы жол – Қазақстан экономикасын өркендететін бағдарлама» отметил, что приоритетные направления в Послании Президента РК, как нельзя лучше отражают потребности развития экономики страны. Доцент кафедры «Менеджмент и маркетинг» С. Джумамбаев в выступлении «Развитие инфраструктуры как стержень новой экономической политики», подчеркнул высокую важность развития транспортно-логистической и индустриальной инфраструктуры для Казахстана.

А также прямую зависимость между их развитием и уровнем развития экономики страны. Профессор кафедры «Экономика» Ж. Аубакирова в своем отклике на тему: «Развитие малого и среднего бизнеса в свете послания Президента РК» отметила своевременность новой экономической политики, а также проблемы роста занятости населения в сфере малого и среднего бизнеса, необходимость пересмотра законодательства и механизмов стимулирования развития малого и среднего бизнеса. Доцент кафедры «Финансы» Г. Даулиева в докладе «Елбасы Жолдауы – білім саласын дамытудың жаңа бағдары» выделила в качестве ключевого момента в рамках направления развития социальной инфраструктуры обеспечение связи науки с отраслями экономики и подготовку кадров. Доцент кафедры «Учет и аудит» М. Байдаулетов в своем выступлении «Президенттің Жолдауында көрсетілгендей, жол салу және тұрғын-үймен камтамасыз ету бағыттарын дамыту және оны шешу жолдары» подчеркнул, что укрепление жилищной инфраструктуры путем разработки новых подходов к строительству и механизмов финансирования строительства, а также выделения дополнительного финансирования этой сферы отмечено Президентом РК в качестве одного из основных направлений новой экономической политики и как ключевой фактор развития рынка труда и инфраструктуры городов.

### НҰРЛЫ ЖОЛ - ПУТЬ В БУДУЩЕЕ



Жиында баяндама жасаған университет басшылығы, ғалымдар мен оқытушылар Президент Жолдауына үлкен қолдау білдіре отырып, ел дамуындағы ауқымды жаңа бағдарламаның маңызы мен тарихи мәніне кеңінен тоқталды. Жолдауды БАҚ арқылы халыққа тереңінен түсіндіру, әр сала бойынша ғылыми негізделген пікір білдіру қажеттігі айтылды.

«Біз Елбасы Жолдауын үлкен қызығушылықпен тындап, асқан мұқияттылықпен оқып таныстық. Бағдарламада мемлекетіміздің әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену жолындағы бағдары белгіленді. Осы тұста Елбасы бізге жаңа тапсырмалар жүктеді. Отандық білім беру саласындағы жетекші университет ретінде бізде Елбасының тың идеяларын жүзеге асыратын барлық мүмкіндік бар», – деді өз баяндамасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев. Университетте әрбір студент пен оқытушының білім беру мен ғылымда жетістікке жетуіне барлық жағдай жасалғанын айта келе, Мұхамбетқали Мырзабайұлы: «Бүгінгі таңда ҚазҰУ атқарып жатқан жұмыстар Елбасы Жолдауында айтылған тапсырмалармен үндес. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі

бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруға бағытталған бағдарламаларымыз, ғылыми әлеуетіміз бен білімді әрі рухани бай жастарды тәрбиелеуде жүргізіп отырған жұмыстарымыз оған дәлел. Біздің брендіміз – «Al-Farabi university smart city» жобасы – заманауи университеттің үлгісі болып табылады. Университет ұжымының ендігі міндеті – осы қарқынды жоғалтпау», – деп түйіндеді.

«Президенттің Қазақстан халқына жолдаған биылғы Жолдауы өз тағдырын тәуелсіз Қазақстанның болашағымен байланыстыратын әрбір қазақстандықтың көкейіндегі түйткілді сөйлткен, маңызы жағынан замана туындатқан сын-кәтерге нақты жауап беріп қана қоймай, болашақтың Нұрлы Жолын анық көрсеткен тарихи құжат болды.

Білім мен ғылым саласы Елбасының ерекше назарында. Жолдауда индустриаландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы камтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард тенге бөлініп, олардың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру тапсырмалары берілді.

Жалғасы 2-бетте

Продолжение на 2 стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

АБЫЗ ТҮРКІТАНУШЫ  
ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР – 90-ДА



5-бет

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



7-бет

«АНА-ТІЛ» АРУЫ,  
«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ»  
— 2014



8-бет

## НҰРЛЫ ЖОЛ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Бұл еліміздегі жоғары оқу орындарын әлемдік талаптарға сәйкестендіру мен заманауи білім беру кеңістігін құру жолындағы жұмыстарды жандандыруға серпін береді. Елбасы тапсырмасын орындау бағытында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылым, білім беру және инновациялық кластерді құру жолындағы қызметін дамыта береді», – деді Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Меңдігүл Ноғайбаева.

Еліміздің интеллектуалдық-ғылыми әлеуетін құрап отырған ірі жоғары оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Жолдауды ерекше ықыласпен қабылдады. Стратегиялық құжаттың қаржылық бағытына Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева тоқталды. «Қаржы жүйесі – экономикамыздың қан тамыры» деген Елбасы сөзін тілге тиек ете отырып, ол Жолдауда айтылған экономикалық қайта құрылымдарға назар аударды. Атап айтқанда, шағын және орта бизнесті дамыту, банк секторын сауықтыру, жана инвестициялар тарту, жалдамалы тұрғын үй салу мәселелеріне шолу жасады. Сонымен қатар, Елбасы Жолдауын халыққа насихаттау, қоғамда, ғылыми ортада пікір білдіру мақсатында ұжымдық монография шығаруды қолға алып жатқандығын жеткізді.

Өз ойын ортаға салған Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі,

профессор Талас Омарбеков: «Өзіміз тарихшы болғандықтан, Елбасымыздың 2015 жылды ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп атауы жігерлендіре түседі. Енді осы тарихты насихаттағанда, Елбасымыз атап көрсетіп отырғандай, осы негізді еліміздің тұғыры берік «Мәңгілік Ел» болып табылатынын, ата-бабаларымыз құрған ежелгі мемлекеттердің жер планетасының кез-келген аймағындағы іргелі елдер тарихындағы мемлекеттік құрылымдармен қатар тұра алатынын жана зерттеулер арқылы дәлелдеуге тиіспіз», – деді.

Жиын барысында сөз алған философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова мен география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников бейбітшілік пен тұрақтылықты, Мәңгілік Ел – Жалпыұлттық идеясын жастарымызға насихаттау керектігін, елбасымыздың үкіметтің және халқымыздың алдына нақты мақсаттарды белгілеп беруі болашаққа деген сенімді нығайта түсетінін айтты. Кеңеске жиналған қауым еліміздің инновациялық дамуындағы ірі университеттердің рөлі мен үлесін айшықтай келе, тұрақтылық пен бірлігімізді бекемдеп, келешегі кемел Нұрлы Жолда аянбай еңбек етуге бекінді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Продолжение. Начало на 1 стр.

## В свете Послания



В ходе круглого стола также была проведена свободная дискуссия и обмен мнениями, где участники мероприятия смогли выразить свое видение и свою позицию в отношении Послания и целей, поставленных Президентом РК.

В завершение мероприятия декан ВШЭиБ Б. Ермекбаева остановилась на том, что ученые в своих выступлениях охватили все направления, выделенные

в Послании Президента РК и в качестве элементов новой экономической политики, выдвинула предложение о публикации сборника докладов и статей от ППС и студентов ВШЭиБ, где каждый сможет выразить свое мнение и выдвинуть конкретные предложения по реализации целей Послания.

Жанат КАЗБЕКОВА,  
зам. декана ВШЭиБ

## Пікір – Мнение



Лайла АХМЕТОВА,  
профессор факультета журналистики

## Впереди – большая и ответственная работа

В то время, когда мир сталкивается с новыми вызовами и угрозами, Президент заботится о выполнении социальных обязательств. Выделение 100 миллиардов тенге на льготное кредитование малого и среднего бизнеса – это забота о людях, большинстве казахстанцев, которые заняты в этой сфере. А в малом бизнесе,

как известно, немало женщин. Одним из направлений развития был назван туризм, который в большинстве своем так же считается женской отраслью. Это демонстрирует решение вопросов гендерного плана.

Меня, как ученого, заинтересовал вопрос по определению 10 вузов, на базе которых будет обеспечена связь науки с отраслями экономики и подготовки кадров. Образование – это важнейшая сфера развития любого государства. Для развития экономики в любом направлении, в первую очередь, важно совершенствование человека.

Нурсултан Абишевич акцентировал на то, что впереди – большая и ответственная работа. И главное в нашей стране – это единство. Я горжусь своей страной за ее толерантность, стабильность и согласие, за нашу Ассамблею народа Казахстана, которая была создана Президентом. Нигде в мире нет больше такого образования, как Ассамблея, и ее успехи – это наши успехи всегда и во всем.

## Перизат ҮРКІМБАЕВА,

химия және химиялық технология  
факультетінің доценті

## Тың идеяларға серпін береді

Отандық ғылымды қолдау мәселесіне тоқталған Елбасы елді индустрияландыру бағдарламасы аясында он жоғары оқу орнының базасында ғылым мен экономика салаларының арасында байланыстың қамтамасыз етілетінін айтты. Ел экономикасы үшін жаңа кадрлар даярлайтын бұл жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыру үшін 2017 жылға дейін 10 млрд. тенге көлемінде қаржы бөлінетінін атап кетті. Осы тұрғыдан келсек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде инновациялық жаңалықтар төңірегінде жұмыс істеу жолға қойылған. Қазіргі күні әлем ғалымдары ерекше назар аударып отырған трансгуманизм, яғни адам мен оның ақыл ойын жасанды дене мен миға ауыстыруды жүзеге асыру идеясына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары да маңыздылығы жағынан бұдан кем емес ғылыми жобалармен айналысуда. Университеттің химия және химиялық технология факультеті «Органикалық заттардың, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы мен технологиясы» кафедрасының ғалымдары жүзеге асырып жатқан ауқымды жобалардың бірі – гидрофильді, яғни суда еритін полимерлер негізінде жұмыс істейтін, жылдам эволюцияланатын нейрондық желілерді жасауға бағытталған. Мұндай желілер адам зердесінің пайда болуына алып келген үдерістерді модельдеуге қабілетті. Ал оларды жасау қазіргі күні өте көкейтесті мәселенің бірі болып отыр.

Мұның барлығы гидрофильді полимерлер мен олардың негізіндегі комплекстер саласындағы қазақстандық физика-химиялық мектептердің жинақтаған тәжірибелік жұмыстарының арқасында мүмкін болып отыр. Дәл осы саладағы әлемдік рейтингте қазақстандық ғылыми топтар алдыңғы орындарда тұр. Тіпті, әлемдегі экономикасы мықты дамыған елдердегі жетекші ғылыми топтардан кем түспейді. Аса беделді және әлем мойындаған «Thomson Reuters» ақпараттық компаниясының деректері бойынша, ҚР ҰҒА академигі Е.М. Шайқұтдінов құрған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың полимерлер мектебінің үш бірдей өкілі соңғы бес жылда интерполимерлік комплекстер саласындағы әлемдегі барлық ғалымдар мен мамандар арасында алғашқы үш орында тұр. Бүкіл посткеңестік кеңістікте бірде-бір ғылыми мектеп осы күнге дейін мұндай нәтижеге қол жеткізбегені анық. Әлемнің экономикасы мықты дамыған елдерінде де мұндай ғылыми мектептер санаулы ғана. Әрине, осының барлығы ғылымның заманауи бағыттарын дамытуға мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлықтың арқасында мүмкін болып отыр. Елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында білім беру, ғылым саласына қатысты айтқан қадау-қадау ойлары отандық ғалымдарымыздың заманауи, тың идеяларын жүзеге асыруға жана серпін берері сөзсіз.



**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:**

Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларындағы ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын.

Қазақстан халқына Жолдауынан.

**Марат ТУЛЕПОВ,**  
заведующий кафедрой химической физики и материаловедения

**Послание Президента нацелено на развитие науки и образования**

Послание Президента «Нұрлы жол» – это конкретный план действий, направленный на продолжение развития науки и образования. В Послании Глава государства Нурсултан Назарбаев объявил о новой экономической политике Казахстана, которая поможет преодолеть кризис и покорить новые вершины.



В непростых экономических условиях у нашей страны есть дополнительные запасы в Национальном фонде, которые будут направлены на дальнейшее развитие химической, энергетической, индустриальной и социальной инфраструктуры, малого и среднего бизнеса. И это вселяет уверенность в завтрашнем дне.

«Нұрлы жол» станет двигателем роста экономики Казахстана в ближайшие годы – господдержкой будут обеспечены проекты МСБ, химической промышленности, в машиностроении и сфере услуг. Одним из приоритетов развития Казахстана в будущем является создание современных экологически чистых отраслей промышленности, ориентированных на разработку собственных природных ресурсов.

Необходимость возрождения химической и нефтехимической промышленности требует разработки катализаторов и новых эффективных, безотходных высоких технологий получения ценных химических продуктов из углеводородного и минерального сырья, переработку и вовлечение в технологический цикл выбросов производств, вторичного сырья. Коллектив нашей кафедры видит следующие перспективы и планы развития по такому направлению, как участие в коммерциализуемых проектах с выходом на реализацию научной продукции. Лабораторные испытания и разработки, выполняемые при этих проектах, положат основу результатов для внедрения в малое производство, в технопарки.

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:**

Мен «жастар – біздің болашағымыздың тірегі» дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жана буынның алдындағы барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!

Қазақстан халқына Жолдауынан.

**Қуандық САПАРОВ,**  
биология және биотехнология факультетінің профессоры

**«Нұрлы жол» – келешектің жолы**

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы саяси кенесінің отырысында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа биылғы кезектен тыс Жолдауын жариялады.

Президенттің биылғы жолдауы Қазақстанның экономикалық стратегиясы қазіргі әлемдік дағдарысқа төтеп беретін кезеңде өтетінін атап көрсетті. Өйткені, Қазақстан экономикасы – әлемдік экономиканың бір бөлігі. Әлемде болып жатқан экономика саласындағы дағдарыстың Қазақстанға да өз әсерін тигізетіні белгілі. Сондықтан, Ел Президенті экономиканы дамыту үшін ең маңыздысы елдегі тұрақтылық пен бірлік екенін нақты көрсетті. Тұрақтылық пен бірлік болмаса экономикалық даму болмайтыны айдан анық. Кейбір Еуропа мемлекеттерінде, тіпті, мынау Украинадағы жағдай халық-тың жағдайын нашарлатып жібергені белгілі. Мұндай жағдайда ел экономикасы төмен-деп кететіні, сонымен қатар кәсіпорындар, шағын және орташа бизнес дағдарысқа ұшырайды.

Жолдауда көтерілген тағы бір маңызды мәселе – жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін жастардың ғылым және білім саласына тұрақтамауы, еңбек ақысының төмен болуы мен баспана мәселесінің қиындығы. Ал осы Жолдауда жастарға аз пайызды баспана алуға мүмкіндіктердің туғаны бізді қуантады.

Басқа ТМД мемлекеттеріне қарағанда Қазақстанның жағдайы жақсы, елімізде тұрақтылық, бірлік бар. Бірлігіміз, тұрақтылығымыз нығайып, Қазақстан еселеп дами берсін деп айтқым келеді.



**Бақыт ӘРІНОВА,**  
философия және саясаттану факультетінің доценті

**Жастардың білімге қолжетімділігі – Елбасының тұрақты назарында**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауы еліміздің өркендеуіне жана серпін беретін, халықтың игілігіне бағытталған аса маңызды тарихи құжат болып табылады. Жолдауда еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігі, экономикалық тұрақтылығы және халықтың әлеуметтік жағдайларын жақсарту шаралары біртұтас қарастырылып, Қазақ елінің болашақ дамуындағы жана бетбұрыстар туралы айтылды. Нұрлы болашақ жолындағы әрбір жас қазақстандықтың өсіп-өркендеуіне, нәти-желі білім алуына да мол мүмкіндіктер жасалып отыр.

Болашақ ұрпақтың сапалы білім алуы үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білім беру жүйесін тұтастай инновацияландыру, жастардың білімге қолжетімдігін кеңейту сияқты мәселелерге жыл сайынғы Жолдауда арнайы көңіл бөлінуі жастар мәселесінің мемлекеттік деңгейде қарастырылатынын көрсете отырып, еліміздің білім беру жүйесіне де зор міндеттер жүктейді. Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиеден бастап, жоғары білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің адам капиталын дамытуға бағытталуы елдігіміздің белгісі десек артық айтқандық емес.

Бүгінгі таңда қалыптасқан еңбек нарығында білімді, шығармашылық тұрғыдан креативті түрде ойлай алатын, интеллектуалдық әлеуеті жоғары, алған білімін кез келген салада қуыреттілікпен қолдана алуға қабілетті мамандар дайындау жоғары оқу орындарының басты мақсаты болмақ. Сондықтан, жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде еліміздегі тұрақтылық пен татулықты, халықтар арасындағы ынтымақтастықты сақтай білуге, ата-баба дәстүрін жалғастырып, өткен тарихты құрметтеп, ертеңгі болашаққа үлкен сенім артуы тиіс. Өйткені, көпұлтты Қазақстанда жастар арасындағы өзара татулық, бір-біріне деген достық пен сыйластық жоғары оқу орындарында білім алушыларды ауызбіршілікке тәрбиелеп, Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға жол ашады.

Мәңгілік елдің нұрлы болашағы жастардың қолында дей отырып, біздер, ғалым-педагогтар қауымы тәуелсіз еліміздің төл ұрпағына бәсекеге қабілеттілік таныта алатын білім, ұлттық ұлағатты ұлықтай алатын тағылымды тәрбие беру үшін барлық күш-жігерімізді салуға дайынбыз.



**Ернур РАХИМОВ,**  
докторант PhD 2-го курса факультета истории, археологии и этнологии

**Послание Президента страны – это руководство к действию**

Ежегодно Глава государства презентует серьезную программу действий на ближайшее будущее, на 3-5 лет вперед. Послание Президента «Нұрлы жол – Путь в будущее» – руководство к действию, программа для каждого казахстанца – патриота своей страны.



Широта взора, фантастическая способность предвидеть будущие угрозы и перспективы, мудрость и богатейший опыт руководителя, политика, Лидера нации и на этот раз проявились в речи Президента. Послание емкое, небольшое по объему, но это конкретный план к действию, подкрепленный твердыми и смелыми решениями по сохранению стабильного развития нашего общества, экономики, страны в целом.

Президент предвидит растущую нестабильность в мире, новый экономический и политический кризис в мировой экономике и сфере международных отношений. «Будет меняться вся архитектура мира. Достоинно пройти через этот сложный этап смогут далеко не все страны. Этот рубеж перейдут только сильные государства, сплоченные народы», – резюмирует Н. Назарбаев.

Для нас – представителей сферы образования и науки – особенно важны положения Послания, касающиеся социальной инфраструктуры и образования. Государство за все годы независимости не обделяло эту сферу в улучшении материально-технической базы. Как пример – строительство в последние годы тысяч образовательных и культурных учреждений по всей стране. Мы с большим удовлетворением восприняли поручение Президента дополнительно направить 70 млрд тенге на решение проблем аварийных школ и трехсменного обучения, кардинального сокращения дефицита мест в дошкольных организациях в течение трех лет, дополнительно направив на эти цели 20 млрд тенге.

Положительные моменты, по его мнению, содержатся и в программе реализации индустриального развития страны. Так, руководством страны определены 10 важнейших вузов, на базе которых будет обеспечиваться связь науки с отраслями экономики и подготовка кадров.

Все граждане, задействованные в сфере высшего образования и науки, без сомнения, с большим удовлетворением восприняли поручение Президента Правительству выделить 10 млрд. тенге до 2017 года на улучшение материально-технической базы ведущих высших учебных заведений.

**Дипломатиялық аударма кафедрасының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» шығармасына арналған кеш өтті**

## What is happiness?

It is in Kazakh culture as well as in all cultures to wish happiness:

“Be happy”, “Sei glueklich!”

“Бақытты бол!”, “Бақытты болуыңды тілеймін!”.

What makes us happy? Are we born with it?

What do we really know about happiness?

These are questions people very often put to themselves and others. I think that there doesn't exist any ready recipe for happiness, but as psychologists say happiness has its definition.

Psychologist Ed Diener, author of Happiness: Unlocking the Mysteries of Psychological Wealth, describes happiness as a combination of life satisfaction and having more positive emotions than negative emotions.

Martin Seligman, one of the leading researchers in positive psychology and author of Authentic Happiness, describes happiness as having three parts: pleasure, engagement, and meaning. Pleasure is the “feel good” part of happiness. Engagement means living a “good life” of work, family, friends and hobbies. Meaning is using our strengths to achieve a larger purpose. Seligman says that all three are important, but that of the three, engagement and meaning are more important for living a happy life.

Daniel Kahneman, a researcher of happiness, says, that feeling of happiness is produced by positive emotions and how we describe our lives when we think about it. Regardless of whether you had a good day or not, do you describe your life as a happy one? Or describe yourself as a happy person? If your answer is “Yes” then you are a happy person!

Daisaku Ikeda: Happiness is something that lives inside each of us, but not all the people are able to feel it. You can neither buy happiness, nor sell it; you can never win it in the lottery; the only way to be happy is to grow your happiness.

It begins with having the strength to confront and conquer one's own weaknesses. I'm sure that I'm a happy person: I have many friends, loving parents and I have goals in my life.

The founder of the philosophy of the movement “Brighten the corner where you are” Young-Sil Kim, the honorary president of Anyang University in Korea gives the definition

of happiness as follows: “Each one of us has his own goals of life and takes efforts to accomplish those goals. We live and work in order to achieve happiness. A desire to be happy is a basic law of life.

Happiness is the peaceful state that results from pursuing and maintaining a harmonious relationship with ourselves as well as other people. For the purpose of attaining happiness in a society, everyone should live together in harmony. In order to achieve harmony, we need to do our own duties, missions, and tasks in any given position. In other words, harmony is accomplished when we clearly recognize our own corners, and do our best in lighting our own corners and seeking the highest and brightest outcome”.

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

## Physicists proved to be brilliant lyrics



Painted by student ASKERBEKOV Saulet

In the framework of the project “Brighten the corner where you are” on November 8th, the 4th course students from “Nuclear Physics” group have prepared and conducted a project-oriented class in English on the topic “Music and Art around us”, which has again proved that physicists can be beautiful and superb lyrics in their soul. The students have revealed their profound knowledge of various music genres and trends, including contemporary music and art of ancient peoples and times. The presentation by Abikali Zhadyra, who told a parable about the history and the unique qualities of the Kazakh national instrument, dombra, and its ability to convey feelings without words has aroused particular interest of the audience. Then Zhadyra scilfully performed a wonderful Kui “Erke Silkim” to which the guests and her groupmates responded enthusiastically and welcomed with cheers and applause.

Of special mention is the performance of the talented student Askerbekov Saulet, who told a vivid story about the different directions in art of painting. He also showed the audience his own magnificent paintings and portraits. Frankly speaking, one can't help admiring what talented and creative students study in the walls of KazNU!

The presentation of the project was a great success! And everyone was happy with his contribution to this excellent joint creative work.

As an English teacher with many years of experience, I want to emphasize the advantages of using a method of projects as an educational technology. Project work leads to purposeful language use because the students are independently involved in gathering materials from different authentic sources, in the course of working over the project they enhance their critical thinking abilities, teamwork skills, promote greater fluency and, what is more important, they get to know each other better in the course of joint creative activity!

Senior Lecturer of Foreign Languages Department for Natural Sciences SH.B. OMAROVA



## University is as good as its students

My name is Zharymbetova Raykhan. These are my students! I am their teacher of English. They study all the subjects in English. It is my opinion that teachers have a great deal of responsibility in ensuring the success of their students. I am doing my best to develop their reading, writing, speaking skills and I am happy that they are showing appreciable progress in learning English. I have high expectations of them because they are motivated, hard-working and have ambitious goals for the future. I strongly believe that my students will acquire skills and knowledge necessary to move forward in life. I wish them success!

## Al-Farabi University is my Almamater

I feel happy at the thought that I am an Al-Farabi University student, the best university in Kazakhstan. I have made up my mind to study here from the 10th grade at school

When on the 1st of September I came to the University, I felt like I arrived in a small beautiful city. My first impression of the university was great!

However, during the first week I felt homesick because, actually, it was my first experience of living away from home. On the one hand, being in University halls is a good way of learning to be independent.

Now I am studying in a special group. All subjects are taught in English.

In my group there are 11 students. All of them are very friendly and kind. All are very bright, smart young people who try to make most of their university life. We like our English classes very much! Good English proficiency will be helpful to do research, to study abroad, to be successful with employment opportunities.

Bakhyt AMANOVA,  
Biology faculty student

## I will do my best to work hard and be a good student!

Studying at Al-Farabi Kazakh National University has always been my biggest dream from the 9th grade. And now, after two years I have become the student of Al-Farabi Kazakh National University! I am very proud and I am really happy!

When I first came to the university with my mother I was delighted by the university campus, the buildings and library. The air was fresh, all was very green, clean and beautiful.

I study the faculty of Biology and Biotechnology. Our first lectures took place in big halls, and there were many students. To tell the truth I felt a bit scared, because everything was strange and new to me. The university atmosphere is absolutely different from the school one. Fortunately, within two days I have found friends.

We have highly competent and knowledgeable teachers. Lectures and seminars are interesting. All my friends want to get good education. I will do my best to work hard and be a good student!

Nigara YUNUSSOVA,  
Biology Faculty









# «Ана тілі» аруы», «Жігіт сұлтаны» – 2014



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жыл сайын бірнеше студенттік жобалар жүзеге асырылып келеді. Солардың бірі университеттің «Ана тілі» республикалық газетімен бірлескен жобасы – «Ана тілі» аруы және «Жігіт сұлтаны» байқауы.

Биылғы жарыс та өз сән-салтанатымен ерекше ұмытылмас сәттерге толы болды. Әр факультеттен қатысқан өнерлі өрендерге «Ана тілі» республикалық газеті бас редакторының орынбасары Нұрперзент Домбай бастаған топ қазылық етті. Сонымен қатар, қазылар алқасының құрамында ҚР еңбек сіңірген қайраткер, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, әнші Майра Илиясова, продюсер Алуа Конарова, «Brosh» брендінің негізін қалаушы, дизайнер Ольга Ким, әнші, композитор Әли Оқапов, актер, тележүргізуші Мүсілім Тәуекел, акын Талант Арғынғали, ұлттық бренд дизайнері Мүсілім Жұмағалиев, «Ұшар би» тобының жетекшісі, хореограф Макпал Қырғызбаева, дизайнер Әсел Әбдіғани болды.

Шараның негізі ұйымдастырушысы – Студенттердің Сенат ұйымы. Бәсекенің ақтық сынына дейін екі іріктеу кезеңі өтіп, бірінші кезеңге университетіміздің 300-ге жуық ұл-қыздары өтініш білдіріп, олардың 90-ы екінші кезеңге өткен. Ең өнерлі, талантты, білімді деген 8 жұп тандалып алынған. Байқау таныстыру, сән дефилесі және сұрақ-жауап сайысы, өнер сайысы, «Be Free» киім үлгісін көрсету сияқты төрт кезеңді қамтыды.

Сонымен қатар, «Ана тілі» аруы–«Жігіт сұлтаны» байқауының тамаша өтуіне қолдау көрсеткен демеушілерді ерекше атауға болады. Олар: «Ритц Палас» сауда орталығы, «Brosh» аксессуарлар галереясы, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, «Белая Орхидея» гүлдер дүкені, Қуаныш Юлдашев фотостудиясы, «Саниямэйкап» студиясы, «Perfect Models» модельдік орталығы, «Нескафе» мейрамханалар желісі, «Мұқажан» дизайнер орталығы, «Be-free» киімдер дүкені, Бірінші Президент Ипподромы, «The gentleman» жаңа киім үлгісі, Мүсілім Жұмағалиевтің ұлттық дизайнерлік киім үлгілері болды.

Байқаудың барлық кезеңдерінен сүрінбей өткен жеңімпаздардың қай-қайсысы да жүлдесіз, сый-сыяпатсыз қалмады.

Барлық ару, сұлтандар өз өнерлерімен көрерменді тәнті етті. Атап айтар болсақ, заң факультетінің студенті Азамат Пошаев пен философия және саясаттану факуль-



тетінің студенті Шырайлым Сәрсембайдың «Ана туралы аңыз» сахналық көрінісі, география және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Гүлзат Молдаштың «Сарбаздар» әні, журналистика факультетінің студенті Ендік Әбдіқадірдің Ш. Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» қойылымынан қойған үзіндісі, аталған факультеттің студенті Әлішер Қабдолдановтың «Анаға хат» қойылымы, филология әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аруы Мадина Әбдіманаптың «Азат елдің аруы» шығармасы, философия және саясаттану факультетінің студенті Ақниет Жұбанышовтың суырып салма өнері халықтың ризашылығына бөленді.

Сонымен, байқау қорытындысы бойынша, «Brosh» аруы – тарих, археология және этнология факультетінен Гүлмаржан Қадірғалиева, «Perfect Models» аруы – халықаралық қатынастар факультетінен Әсия Диканбаева лайықты деп танылды. Жүлделі 2-орын физика-техникалық факультетінің студенттері Қымбат Көпбай мен Нұрдәулет Бакешевке бұйырды. Ал, 1-орынды фи-лология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Мадина Әбдіманап пен журналистика факультетінің студенті Әлішер Қабдолданов иеленді. Байқаудың бас жүлде иегерлері болып журналистика факультетінің студенті Ендік Әбдіқадір «Ана тілі» аруы, философия және саясаттану факультетінің студенті Ақниет Жұбанышов «Жігіт сұлтаны» атанды.

Қазылар алқасының мүшесі Майра Илиясова апайымыз айтқандай: «Сіздер барлық атакқа лайықсыздар, сіздердің әрқайсыларыңыз бас жүлде иегерісіздер!». Сондықтан, барлық өнерлері өрісті жеңімпаздарымызға болашақта да биік белестерді бағындыра берініздер демекпіз!

**Әйгерім ӘЛІМЖАН,**  
баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы менгерушісінің орынбасары

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**  
Газет редакцияның компьютер орталығында  
теріліп, еттелді. «Гамма-принт» баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 359) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана.**  
**Тапсырыс №1447**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.